



БІЛІМ КІПТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 1 (199), 2025

Қаңтар
Январь

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006
года на казахском и русском языках

(Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Р. Шалабекова

Сапалы білім мен тәрбие беру мәселелері 3

А. Мадешова

Мектепке дейінгі білім беру педагогы –
кәсіби даярлықтың трансформациясы 5

Ш. Джанзакова, Е. Бозжігітов

Студенттердің көркем өнер арқылы шығармашылық
қызығушылықтарын дамыту 9

Н. Лабузова

Влияние цифровых технологий на обучение русскому языку:
плюсы и минусы 13

С. Винтерфельд

Формирование навыков критического мышления
через изучение литературы: как помочь учащимся начальных
классов анализировать тексты и делать выводы 16

Е. Кийко

Активные методы и приемы работы с синонимами
на уроках английского языка 20

А. Кусбекова, А. Айдарханов

Плодородие почвы 25

Т. Тогжанова

Математика сабағында қолданылатын ойын элементтері 28

Б. Тұрдыбек

Үшбұрыштар теңдігінің белгілері 30

Д. Имлядинова

Aqyl battle 33

А. Жұрынтай

Use of English: Past continuous 35

Ж. Коркембаева

Across cultures: Famous Writers 38

М. Ахметқызы

Математика сабағында жиі қолданылатын цифрлық технологиялар 41

Б. Калабаева

Шартты ықтималдық. Ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелері 44

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

**БІЛІМ КІПТІ -
КЛЮЧ ЗНАНИЙ**
журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10965-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
20.01.2025 ж.
Сандық басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел:
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информации РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 20.01.2025 г.

Печать цифровая.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

Моб.т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».


Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Сапалы білім мен тәрбие беру мәселелері

Әр мемлекет өз алдына даму жоспарын нық қойып, соған сай білім беру стандарттары мен бағытын заман талабына сай жүргізетіні белгілі. Еліміз ХХІ ғасырда, цифрлық технология заманы дамыған уақытта, мектеп қабырғасында оқып жатқан білім алушылардың сапалы білім алып қана қоймай, елжанды және өнегелі ұрпақ қалптастыруына аса мән береді. Сол мақсаттарға сай ұстаздарға зор міндет жүктеліп отыр. Білім беруші тұлға өз ісін аса шеберлікпен орындай алған жағдайда ғана біз мемлекеттік мақсатқа қол жеткізе аламыз. Әр оқушы – бір қайталанбас тұлға, оның білім алу үдерісі оның физиологиялық және психологиялық дамуымен тікелей байланысты екенін естен шығармаған жөн. Сондықтан ұстаз бойына ерекше шыдамдылық пен зерттеушілік қабілет қажет. Әр оқушысының бойындағы талантты байқай білу, соған сай оқушы қызығушылықтарын дамыту үшін жұмыс жоспарын даярлау ерекше жұмыс екенін атап айтқым келеді. Заман талабына сай ой-өрісі жоғары, зерделі азаматты қалыптастыру – мемлекетіміздің басты қағидасы болып отыр. Дарынды балаларға білім беру – бүгінгі уақытта ғылымның әр дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты да, талапты мамандар даярлауда пайдалы болса, екінші жағынан, қоғамға айрықша дарынды балалардың интеллектуалдық дамуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың бойын-

дағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, одан әрі дамуына бағыт бере білу ерекше қиын.

Қандайда бір, дарындылықты анықтаудың дайын үлгісі, әдіс-тәсілдері нақты жоқ. Қазіргі таңда дарынды балаларды зерттеуге қатысты философиялық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік әдебиеттерде маңызды ой-пікірлер қалыптасқан.

Дарынды балаларды анықтау үшін бастауыш сыныптан бастап зерттеу жұмыстары жүйелі жүруі керек. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған оқушылардың оқуға деген құштарлығы қазіргі таңда өте жоғары. Оған ата-анасының мән бере жасаған дайындығы, үлкендердің қуанышты көзқарасы, мектептің беделі, жаңа киімдер мен әдемі оқулықтар баланың қызығуын арттырып, білім алуға жетелейтіні сөзсіз. Осы орайда бастауыш сынып мұғалімдері шеберлігімен, жаңа әдіс-тәсілді сабақтарымен, ұшқыр ойлы ойындарымен оқушы зейінін жаулап алып, білуге деген құштарлықтарын шындай түсуі қажет.

Жас өркеннің бойындағы табиғат берер ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның ары қарай дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше қиын да қызықты іс. Алайда, әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу – ұстаз парызы. Баланы заман талабына қарай көрегендікпен икемдеп, өз заманының озық өнегесін санасына сіңіре білу, оларды шығар-



машылық бағытта жан-жақты дамыту — бүгінгі күннің басты талабы.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, мектебімізде дарынды балалармен жұмыс жақсы жолға қойылған. Әр бастауыш сынып мұғалімі, орта және жоғарғы буын сынып жетекшілері дарынды балаларды анықтап, жұмыс жоспарын, сонымен қатар дарынды баламен жұмыстың даму жоспарын жасайды. Жоспарға сәйкес жұмыс атқарылады.

Әр мұғалім өз іс-тәжірибесінде инновациялық технологияларды, ақпараттық технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға ұмтылады. Әр сабақта деңгейлік тапсырмалар, логикалық тапсырмалар орындату арқылы өздігінен ойлау қабілетін дамытып отырады. Пәндік олимпиадаларға, пікір сайыс ойындарға, сырттай өтетін интеллектуалдық сайыстарға баланы дайындау дарындылықты дамыта түседі. Дарынды оқушымен жұмыс жасау барысында оқыту сипатын мұғалім мен оқушының өзара шығармашылық қарым-қатынасы ретінде қабылдау қажет. Дарынды оқушының алдына нақты бір мақсат қою арқылы оның берілген тапсырмаға деген қызығушылығын оятуға болады. Аталмыш жұмыстар мұғалімді инновациялық тәжірибесін шығармашылық ынтамен дамытуымен қатар білім беру үрдісіне жаңа тұрпат ендіруіне көмегін тигізеді. Осы тұрғыда жаңашыл идеяны ұстанған педагог оқушының жеке тұлғалық қасиетін барынша құрметтеуге, оның шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін дамытады.

Ел боламын деген мемлекет ұрпақ тәрбиесін бірінші кезекке қояды. Біз — бала тәрбиесіне аса көңіл бөлген халықпыз. Тілдің дамуы да, ұлттық рухани құндылықтардың баланың бойына сіңірілуі де — тәрбиемен келеді. Ал тәрбиенің өзегі — ананың құрсағынан басталады. А. Байтұрсынов: «Балам деген жұртым болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шығады?», - деген. Яғни, әлемді жаулаған жаһандану үрдісіне біз мықты ұлттық, мәдени құндылықтарымызды, ұрпағымыздың имандылығын қарсы қоюға тиіспіз. Демек, терең білім, кәсіби алғырлық, жоғары біліктілік ұлттық мүддеге қызмет етпесе, ел алдындағы парыз ұғымына сүйенбесе, рухани құндылықтарға негізделмесе, жасампаз күшке айнала алмайды екен. Бүгінгі білім беру саласында тәрбие мен білімді әр қырынан дамыта отырып оқыту және білім алушыны интеллектуалды түрде дамыту жолдары негізге алынады. Сол себепті де дарынды оқушылармен жұмыс жасай отырып, танымдық біліктілікті арттыру мен қатар өзіндік ізденімпаздыққа баулиды. Баланың өзіндік көзқарасының қалыптасуына әсер етіп, білімді де тәрбиелі болып шығуына зор әсерін тигізеді. Ізденген ұстаздан ғана шығармашыл, дарынды шәкірттің шығары анық.

**Роза Тұрсыновна
ШАЛАБЕКОВА,**

**Н. Островский атындағы №8 орта
мектеп директорының оқу ісі жөніндегі
орынбасары.
Талдықорған қаласы,
Жетісу облысы.**



Мектепке дейінгі білім беру педагогы – кәсіби даярлықтың трансформациясы

Мемлекеттің барлық деңгейлеріндегі білім беру ұйымдары қоғамдық тапсырысты орындайтыны баршамызға мәлім. Тиісінше, біздің елімізде, мысалы, экономикада, әлеуметтік-мәдени бағытта және басқа да болып жатқан өзгерістер кадрларды даярлауды, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдар үшін де жетілдіру проблемасын туғызады.

Сондықтан, мұнда негізгі кәсіби базалық білімді стандартты емес ойлаумен және нақты білім беру мәселелерін шешуге тәжірибеге бағытталған, зерттеу тәсілімен үйлестіруге болатын сапалы басқа педагогті даярлау қажеттілігі туындады.

Мектепке дейінгі білім берудің болашақ педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың қазіргі заманғы деңгейінде қойылатын талаптарға сәйкес болашақ педагогтың меңгерген бар білімдерін, іскерліктерін, кәсіби құндылық бағдарларын оңтайландыруға негізделген жалпы кәсіптік және арнайы кәсіптік құзыреттіліктерді жетілдірудің мақсатты процесі болып табылады.

Бала қабілеттерінің жан-жақты: ойлау, сөйлеу, түсіну қабілеттерін дамытуда тәрбиеші басты рөл атқарады, себебі бала өмірінің осы кезеңінде уақытының көп бөлігін онымен бірге өткізеді.

Әр жасқа байланысты топ балалары үйдегі және еңбек әрекетінде тәрбиешімен қарым-қатынас жасайды. Бағдарламада қарастырылған ұйымдастырылған іс-әрекеттерде де олармен бірлесе ойын ойнап, ортақ тілде әңгімелеседі. Демек, мектепке дейінгі мекемедегі даму ортасы толығымен тәрбиешінің қарым-қатынасына байланысты.

Тәрбиеші балалардың ой-өрісін кеңейтіп, мінез-құлық, ерік-жігер, мінез дағдыларын қалыптастыра отырып, балаға барлық жағынан әсер етеді. Балаларды тәрбиелеу мен оқыту кезінде ұстазының сөйлеуі мен өзін-өзі ұстауы өте маңызы, өйткені бала есту, көру нәтижесінде бәрін үйренеді. Балаларға күнделікті қарым-қатынас та олардың сөйлеуі мен мінез-құлқына айтарлықтай әсер ететіні сөзсіз. Сондықтан балаларға берілетін ақпараттардың шынайы, нақты, тиімді және игеруге өте жеңіл болуы тиіс.

Ұлы ақын Абай атамыз «Өмірдің бір қызығы — бала деген» деп сипаттама бергендей, адам баласының өмірдегі мәні мен сәні, үміті мен сенімі бала екені бәрімізге айтпай-ақ түсінікті. Ал ең қасиеттісі — оның бойына сіңірген тәрбиесі.

«Адамның адамшылығы — жақсы ата-ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» демекші, өскен ортаның балаға бірден әсер ететіні сөзсіз. Деген-



мен әр отбасында, әртүрлі әлеуметтік жағдайда дүниеге келген балалардың ортақ тілін тауып, бір арнаға тоғыстырып, тәрбиелеу де — үлкен өнер. Демек, ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларды қоғамға тәрбиелеу мақсатында құрылған балабақшадағы ұстаздардың кәсіби біліктілігі, өзіндік қызметтік міндеттерін орындаудағы жауапкершілігі мен деңгейі барлық атқарылатын жұмыстардың тиімділігі мен сапасын бейнелейді.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі тәрбие педагогикасы мен психологиясы заман талабына қарай өзгеру үстінде. Ғылыми аспектілердің бірі — бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты даму үрдісін жүзеге асыру болып табылады. Бұл мәселе мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық даму механизмдерін зерттеп, оны жобалау арқылы тұлғалық қалыптасуы мен дамуын психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету негізінде қамтиды.

Педагогика мен психологияның зерттеу нысандары баланың ішкі әлемі мен оның өзін-өзі тану қабілеттерін, болашақ оқушының қазірден даму үрдісін анықтауға негізделген. Тәрбиеші баланың шығармашылық қабілеттерін сыртқы ортамен байланыстыра отырып, арттырады. Баланың қолынан келетін шығармашылық қабілеттерін толық ашу үшін өзара әрекеттесу тәсілдері мен әдістерін жасау арқылы баланың жеке психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес жұмыстанады.

Тәрбиешінің жұмыс тәжірибесі бала үшін тек тиімді нәтиже беру емес, өзі-

не-өзі қызмет көрсету және тұлға ретінде өзін-өзі ашу мүмкіндігі ретінде ең маңызды рөл атқаратыны белгілі. Мектепке дейінгі ұйымда балалармен жұмыс уақытында оларға қолдау көрсетіп, жеке қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Бұл ретте балалардың шығармашылығын мәжбүрлеу де, міндеттеу де мүмкін еместігін есте ұстаған жөн. Сондай-ақ оларды ынталандыратын әрекеттермен алға тартқан дұрыс. Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың тұлғалық дамуының маңызды кезеңдері онымен жұмыстанатын тәрбиешінің әрекетімен тығыз байланыста екені анық. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына, интеллектуалдық дамуына, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге және жеке қасиеттерін тәрбиелеуге тәрбиешінің рөлі жан-жақты әсер ететінін мәлімделіп, өзара қарым-қатынас әсері туралы жеткілікті нақты түсініктер беріліп келеді.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндер үшін олардың ең жақын ортасы ата-аналар, одан кейін балабақша тәрбиешілері болып табылады. Баланың алғаш алтын ұясы, отбасынан ұшып, өзге әлемге қадам басуына, яғни балабақшаға келгеннен үйренісіп, жаңа ортаға дағдыланып кетуіне ең бірінші себепші — ол тәрбиеші. Балаға деген өзінің ішкі сезімін бір сөзбен ғана айтып қоймай, шын жүрегімен, жан-тәнімен білдіріп, мәпелей білетін тәрбиешінің жұмысы қызықты болғанымен, өте күрделі.

Десек те риясыз көңілмен келген



әрбір бала ұстазының жасаған қарым-қатынасы мен көрсеткен мейірімділігіне сеніп, өзінің сырын ақтарып, бар көрген-білгенін айтуға дайын тұрады. Себебі ұстазына сенім білдіріп, арқа сүйегенінің өзі — бақыт емес пе?

Ұлтымыздың бір туар ақыны Мағжан Жұмабаев: «Жас бала — жас шыбық. Жас күнінде қалай иіп тастасаң, солай өседі», - дегендей, кішкентай ғана балалардың айналасына деген көзқарасын қалыптастырып, икем-қабілеттерін шындап жіберу тәрбиешінің бойынан жауапкершілік пен табандылықты талап етеді.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі балаларды тәрбиелеуге және оларды табысты оқуға дайындауға жауапты. Біліктілігі жоғары ұстазға тән қасиеттер — педагогикалық шеберлігі, еліміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласуы болып табылады.

Балалардың жеке тұлға ретінде қоғамдық қалыптасу үрдісі жүзеге асып, олардың әлеуметтік бағыттылығы мен дағдылары қалыптасады. Бұл жағдайлар мектепке дейінгі ұйым қызметінің маңыздылығын анықтайды. Сонымен қатар мемлекеттің мүддесі мен еліміздің болашақ қоғамының дамуына өздерінің еңбектік үлестерін қосатын тәрбиеші еңбегінің әлеуметтік мәні зор. Өйткені оның парасаттылығы мен кемелділігі ел мен қоғам алдындағы бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауына, педагогикалық мәселелерді шешуге, біліктілігін үнемі жетілдіріп, кәсіби өсуіне ықпал етеді.

Үздік педагогтар өз тәжірибесін жи-

нақтап, ғылыми-практикалық конференцияларда, педагогикалық оқуларда бөліседі, баспасөз беттерінде мақалалар жариялайды. Олар өздерінің шығармашылық жұмыстарымен мектеп жасына дейінгі ересек балаларды мектепке арнайы дайындаудың теориясы мен тәжірибесін дамытуға үлес қосады. Сондай-ақ отбасымен үнемі байланыста бола отырып, ата-аналарға бала тәрбиесімен жан-жақты болуға үлес қосады.

Тәрбиешінің кәсіби шеберлігі көп қырлы. Ол кәсіби дайындықтан, теориялық білімдерін үнемі тереңдетуден, жұмыс тәжірибесінен, балалармен жұмыстану әрекеттерінен тұрады. Тәрбиешінің артықшылығы оның дүниетанымымен, бағыттылығымен, жалпы және арнайы дайындығымен тығыз сипатталады. Оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Тәрбие мен білім беру жүйесін балалармен жұмыс істеу психологиясы мен әдістемесін жетік білетін маман ғана жүзеге асыра алады. Яғни бүлдіршіндермен жұмыс істеу үшін ән айтып, би билей білу, әдемі қимылдау, дұрыс сөйлей білу, көркем оқу дағдыларын меңгеру өте маңызды. «Сегіз қырлы, бір сырлы» шебер мұғалім балалар арасында өзінің ерекше қабілеттерімен зор беделге ие болады.

Шебер ұстаздың маңызды қасиеті — өз жұмысының нәтижесін талдап, оны объективті бағалай білу. Егер балалар балабақшадағы білім беру бағдарламасының барлық бөлімдері бойынша тұрақты білім, білік және дағдылар-



ды меңгерсе, демек, педагог баламен жұмыстанудың педагогикалық негізгі әдістерін тиімді қолдана білген. Жаңа адамды қалыптастыру үшін тәрбиешінің өзі қоғамымыздың озық тұлғасы бола білу керек. Кәсіби шеберлігі мен балаға деген ынтасы жасаған іс-әрекетінен, адамдармен қарым-қатынасынан байқалады.

Бала өмірінің алғашқы бес жылында мектепке дейінгі мекемеде болады, ол үшін ұстаз абырой-үлгі болары хақ. Сондықтан оның балаға тигізер ықпалы күнделікті өмірде, ойында, сабақта, бірлескен жұмыста, қарым-қатынаста жүзеге асады. Ол әрбір баланы мұқият зерттеп, оның жеке ерекшеліктерін білуі, барлық балаларға объективті қарауы, педагогикалық әдептілік танытуы, олардың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің нәтижелерін әділ бағалай білуі, дер кезінде көмекке келе білуі, отбасындағы өміріне қызығушылық танытуы керек.

Сонда ғана мұғалім бала тұлғасының қалыптасуына мақсатты түрде ықпал ете алады. Тәрбиешінің табысты іс-әрекетінің таптырмас шарты — балаларға деген сезімін білдіре отырып, оларға орынды талаптар қоя білуі. Оның шынайылық, нәзіктік, мейірімділік қасиеттері балалардың өзара қарым-қатынас жағдайын тұғызады. Балабақшадан түлеп ұшқан әрбір бала мектеп табалдырығын атағанда, оң мен солын танып, көргені мен білгенін ортаға салып жақсы шәкірт бола білу — тәрбиешілердің еңбегінің жемісі. Себебі «Кәсіби келістінің — еңбегі жемісті» дегендей, өзіміздің

атқарып отырған ұстаздық қызметіміз шәкіртерімізбен бағаланатыны сөзсіз.

«Шәкірт шәкірт емес, ұстазын шын сүймесе, ұстаз ұстаз емес, шәкірт үшін күймесе» деп бекер айтылмаған. Ұрпақ — ұлттың жалғасы, елінің келешегі деп санаған ата-бабамыздың «баланы — жастан» тәрбиелеу дәстүрін жадында жанашырлық танытып, саналы тәрбие мен сапалы білімге ден қойып, заман талабына сай жұмыстануы өте маңызды.

Тәрбие ісімен айналысатын тәрбиеші ұстаздар жылдан-жылға жаңарып, заман талабына сай біліммен жетіліп, тәжірибе алғанда ғана жалпы шәкірттерінің болашағына бүгінгі күннен бастап мүмкіндік жасап, елінің рухани құндылықтары мен тарихын жас ұрпаққа өсиет етіп, жан-жақты тұлға етіп тәрбиелейтін маман иесі болары анық деп ойлаймын.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. М. Лисина «Специфика общения у дошкольников», 1990, 48-бет. — Алма-Ата.
3. А.К. Маркова. Кәсіби шеберлік психологиясы / А.К. Маркова. — М., 1996.

А.А. МАДЕШОВА,
п.ғ.м., «Қарағанды жоғары
гуманитарлық колледжі»
КМҚК арнайы пәндер оқытушысы.
Қарағанды қаласы.



Студенттердің көркем өнер арқылы шығармашылық қызығушылықтарын дамыту

Ғылыми әдебиеттерде «шығармашылық» ұғымы шығармашылық, жаңашылдық, шығармашылық қабілет, өнімді іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, эвристикалық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, ойлаудың шығармашылық стилі, шығармашылық әлеует, креативтілік және т.б. түсініктермен қатар қарастырылады.

Шығармашылық дегеніміз жаңаны іздеп ойлап табу үдерісі, ал шығармашылық ойлау — ынталылық, эвристикалық, креативтілік деңгейдегі интеллектуалдық белсенділікпен, конструктивті дербестікпен жаңаны іздеп ойлап табу үдерісі деп тұжырымдаймыз.

Мысалы, А.М. Коршунов шығармашылықты «субъектінің объектімен белсенді қарым-қатынасы, оның барысында субъект объективті заңдылықтар талаптарына сәйкес жаңа, әлеуметтік маңызы бар әлемді мақсатты түрде өзгертеді» деп анықтайды.

Шығармашылықтың сәтті тұжырымы В.В. Серебрянск және М.И. Ясюков берген анықтамалардан көрінеді: шығармашылық деп «ойлау және іс-әрекет процесінде қағидатты жаңа жолдармен және теориялық және практикалық проблемаларды шешу әдістерімен (әр түрлі масштабта және әртүрлі қатынаста), тікелей және жаңа қоғамдық маңызы бар (сынып

немесе жалпы қоғам үшін) сапалы жаңа нәтижелермен мазмұнды қамтамасыз ету». Н.А. Бердяев шығармашылық табиғатын талдай отырып, мынадай қағидаларды бөліп көрсетеді: шығармашылық үдеріс еркіндік болғанда ғана жүзеге асады; шығармашылық дара тұлғалық сипатта көрінеді; шығармашылық әлемдік, жалпы адамзаттық, ғарыштық және әлеуметтік бағытта болады

Студенттің шығармашылық ойлауы — бұл оның проблемаларды шешуде, жаңаны іздеп табуда логикалық операциялар мен эвристикалық, креативтілік тәсілдерді қолданудағы ынтасы, интеллектуалдық белсенділігі мен дербес конструктивтік іс-әрекетінің кіріктірілген сапасы.

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту үдерісі мотивациялық құндылықты, интеллектуалдық-танымдық, іс-әрекеттік-рефлексивтік құрамдас бөліктерінің бірлігін, оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштерді қарастырады;

- студенттің шығармашылық ойлауының дамуы жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінің барлық құрамдарын қамти отырып, оның барлық қатысушыларының өзара іс-әрекеттестігі мен үздіксіз мониторингі негізінде жүзеге асырылады.

Шығармашылық проблемасы ғы-



лымда түрлі аспектіде қарастырылады: жеке тұлғаның ойлау мүмкіндіктері мен интеллектуалдық қабілеттерінің өзара байланысы (В.И. Андреев, И.С. Кон, т.б.); шығармашылық қабілеттің сапалық көрінісі ретінде креативтіліктің қалыптасуы (Дж. Гильфорд, Е.Л. Яковлева); оқушылардың ойлау қабілеттері мен қызығушылықтары (А.И. Кочетов, В.С.Шубинский, т.б.); жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту заңдылықтары (Н.С. Лейтес, М.Л. Субачева, т.б.). Мұғалімнің педагогикалық қызметінде шығармашылық сапаларын қалыптастыру мәселесі В.И. Загвязинская, В.А. Кан-Калик, Н.Д. Никандров, т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Сонымен шығармашылық — индивидтің психикасында білімді қолдану мен түрлендіру үдерістерінің ерекшеліктерімен байланысты үдеріс. Мұндағы іс-әрекет өнімін шығармашылық ретінде бағалау критерийлері оның жаңашылдығы, ерекшелігі, мәнділігі және т.б. болып табылады, сондай-ақ шығармашылық кезеңмен жүреді.

В.А. Моляко шығармашылық іс-әрекет үдерісін келесі кезеңдерді тізбектеп орындау түрінде көрсетеді:

1. Адамның проблемалық жағдаймен кездесуі;
2. Проблемалық жағдайды ұғынуы және проблеманы тұжырымдауы;
3. Оны шешудің болжамын анықтауы;
4. Анықталған болжамдарды тексеру;
5. Алынған нәтижелерді талдау;
6. Алынған нәтижелерді ендіру.

Қызығушылық ұғымы В. Вычевтың, Л.С. Выготскийдің, Б.И. Дадон

новтың, Е.П. Ильиннің, Д.А. Кикнадзенің, А.Н. Леонтьевтың, А.В. Петровскийдің жұмыстарында тереңірек қарастырылған. Сонымен, оқуға, оқу қызметіне деген қызығушылық, тұтынушылық пен оны қанағаттандыру тәсілдері арасындағы қарама-қайшылықтарға негізделген және білім алушының белсенділігінің пайда болуына өте қажет. Бірақ қызығушылық оқу қақтығысы кезіндегі қарама-қайшылықтар, оның шешуіне мүмкін болса ғана тұрақтана алады, болмаса қызығушылық жоғалады. Бір жағынан, егер қиындық болмаса қызығушылық та туындамайды. Қызығушылықты қанағаттандыру, оның өшуіне әкеліп соқтырмайды, қайта таным қызметінің одан жоғарғы деңгейінде жаңа қызығушылықтар тудырады.

Қызығу дегеніміз — жеке адамның объектіге, оның өмірлік мәні мен эмоциялық тартымдылық күшіне қарай таңдамалы қатынасы. Қызығулар қажеттіліктер негізінде пайда болады, бірақ олардың өзі емес. Қажеттілік міндетті түрде керек нәрсені белгілейді, ал қызығу белгілі бір іс-әрекетке адамның жеке қатынасын көрсетеді. Терең тамыр жайған және орнықты болған қызығу қажеттілікке айналуы мүмкін. Мәселен, театрға деген қызығу — спектакльді құр жібермеуді әдетке айналдыру тіпті сахна ісімен өзінің де айналысуына жеткізуі мүмкін.

Қызығудың қалыптасуы әрқашан қажеттіліктерді, талантты немесе қоғамдық борышты сезінуден бастала бермейді. Қызығу объектінің эмоциялық тартымдылығы өз-өзінен және бет алды көрінуі мүмкін, ал кейін: қажеттіліктер, қоғамдық талаптар, қа-



билеттілік сияқты көптеген себептер арқылы анықталып әлгі объектінің өмірлік мәні танылуы мүмкін.

Л. Выготский бұл жөнінде былай деген: *«Ең алдымен, баланы бір әрекетке тарту үшін, сен оны қызықтыр, оның бұл әрекетке дайын екенін білу үшін қамқорлық жаса, осыны іске асыру үшін барлық күшін салатынын және бала өзі қимылдайтынын, ал мұғалім болса сол әрекетті басқарып, бағыттап отыру керек. Оқушылардың танымдық қызығуы олардың білім сапасы мен даму деңгейіне байланысты ойлау әрекетінің әдістерінің қалыптасуына тәуелді».*

Қызығу адам өмірі мен іс-әрекетінде елеулі орын алады. Адам өмірінің бақыты мен бар болмысын өз бойында қызығу бар кезде ғана сезінеді. Қызығу әрекетке талпындырады, адамды ширатады. И.П. Павлов қызығуды адам жанын жадыратушы, ми қыртысында іс-әрекет жағдайын туғызушы фактор деп қарастырған. Қызығып істелінетін жұмыс жеңіл және жемісті болады.

Жеке адамның дамуы мен білімнің қалыптасуы үшін қызығудың мәнін ескеру педагогикалық практикада ерекше маңызға ие болады. К.Д. Ушинский ешбір қызығусыз, тек қана зорлық күшімен жүргізілетін оқу оқушы бойындағы білім алуға деген құштарлықты жойып жібереді деп өте әділ жазған болатын. Сонымен бірге ол, барлық оқудың мәнін тек қана қызығуға ғана құруға болмайды деп атап көрсеткен. Білім беру қара жұмысты да, едәуір ерік күшін де қажет етеді.

Шығармашылық қызығушылықты ынталандырудың жалпы тәсілдері:

1. Қолайлы атмосфераны қамтама-

сыз ету. Білім беруші тарапынан тілектестік, оның студент атына бағалау мен сын айтудан бас тартуы көпәспектілі ойлаудың еркін көрінуіне ықпал ету;

2. Қоршаған ортаны оның қызығушылығын дамыту мақсатында ол үшін әр түрлі жаңа заттармен және ынталандырулармен байыту;

3. Өзіндік идеялардың пікірін көтермелеу;

4. Жаттығулар мен практикаға арналған мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Әр түрлі салаларға қатысты ашық, көп мәнді түрдегі мәселелерді кеңінен қолдану;

5. Мәселелерді шешуде шығармашылық тәсілдің жеке үлгісін қолдану;

6. Білім алушыларға белсенді сұрақтар қоюға мүмкіндік беру.

Ізденіссіз, сынақтарсыз және мүмкін тәуекелдерсіз білім алушы да, білім беруші де шығармашыл әрекет ете алмайды, ал олардың бірлескен еңбегі ақыр соңында ауыр ойға айналады.

Оқу үрдісінде шығармашылық қызығушылықтың даму міндеттерін дұрыс шешу үшін есте сақтау керек: білім алушының танымдық қызметі қандай дербестік дәрежесімен жүзеге асырылмағанына қарамастан, ол қандай сипатқа ие болмаса да, ол әрқашан білім берушінің қызметіне тәуелді болады.

Білім алушылардың шығармашылығын арттыру мүмкіндіктер шарттарының бірі жөнді сұрақтар қою болып табылады. Адамның жаңа мәселелер мен мәселелерді қою қабілеті шығармашылықта орталық орын алады. Білім алушылардың көркем еңбек пәнін өткізу барысында шығармашылық тапсырмаларды



орындауға үйрету керек, сол арқылы дербестікті, белсенділікті, бастаманы, яғни шығармашылыққа, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына себепші болатын қасиеттерді дамыту. Шығармашылық қызығушылықты тәрбиелеу тәсілдерінің бірі проблемалық оқыту әдісі болып табылады. Проблемалық жағдай – бұл бірнеше мүмкіндіктерден таңдау жасау. Білім беруші білім алушы тап болған қиын жағдайдың мазмұны бар тәжірибемен сәйкес келмеген кезде проблемалық жағдайды жасауы тиіс. Бұл сәйкессіздік эмоциялар мен сезімдерді камтиды және ойлаудың басталуына түрткі болады. Білім алушылардың шығармашылық қабілетінің ашылмауына байланысты проблемалар мен қиындықтар туындайды. Бұл кемшіліктерді түзетіп, білім алушылардың жұмысын жандандыру үшін сабақтарда базалық білім беріп қоймай, шығармашылыққа жетелейтін, бірақ әркімге қол жетімді және қызықты болатын шығармашылық жұмыс түрлерін енгізу қажет. Шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша көркем сурет салу үлкен рөл атқарады. Қағаз бетіне өз қиялын жеткізе білу – өз білімін, көзқарастарын ретке келтіруге септігін тигізеді. Бұл – шығармашылық қабілеттерінің жоғары түрі. Оқу үрдісінде білім алушылардың шығармашылық қызығушылығын дамыту үшін белгілі бір психологиялық шарттарды сақтау қажет:

1) сабақтарда білім алушылардың жұмысты орындаудан өзіне пайдалы білімді түсінуге мүмкіндік беретін

сергектік, эмоционалдық атмосфера құру қажет;

2) білім алушыларды оқуға үйрету, яғни олардың танымдық күші мен қабілеттерін дамыту қажет. Көркем өнер сабақтарында білім алушыларды ойлауға, пікір таластыруға және дәлелдеуге үйрету керек.

Әдебиеттер:

1. Коршунов, А.М. Теория отражения и творчество / А.М. Коршунов. – М.: Политиздат, 1971. – 265 с.
2. Кенжебеков Б.Т. Жоғары педагогикалық оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзырлылығын қалыптастыру. Пед.ғыл. докторы диссер. – Қарағанды, 2005. – 267 б.
3. Муравьев, Е. М. Общие основы методики преподавания технологии / Е. М. Муравьев, В.Д. Симоненко. – Брянск, ИЦ БГПУ, 2000. – 235 с.
4. Сартаков, И.В. Развитие творческих способностей студентов педвузов в процессе технологической подготовки: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01 / Сартаков Игорь Витальевич. – Новосибирск, 1999. – 165 с.

Ш.И. ДЖАНЗАКОВА,
п.ғ.д., **Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті**
«Педагогика және психология» кафедрасының профессоры.

Еркін Серікұлы БОЗЖІГІТОВ,
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
«Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты.
Атырау қаласы.



Влияние цифровых технологий на обучение русскому языку: плюсы и минусы



Наталья Викторовна ЛАБУЗОВА,
учитель русского языка и литературы
Средней школы им. И. Жансугурова
с ДМЦ и начальной школой Базаркельды.
Село Космос,
Енбекшиказахский район,
Алматинская область.

Аннотация. В статье рассматривается влияние цифровых технологий на обучение русскому языку, анализируются их положительные и отрицательные аспекты. Плюсы включают доступность образовательных ресурсов, интерактивность и возможность индивидуального подхода к каждому учащемуся. Эти факторы способствуют повышению мотивации, гибкости и эффективности образовательного процесса. Однако наряду с преимуществами выявляются и минусы, такие как снижение личного общения между учащимися и преподавателями, а также проблемы с концентрацией внимания на учебном материале из-за многочисленных отвлекающих факторов. Статья призвана помочь педагогам и учащимся осознать как возможности, так и риски, связанные с интеграцией цифровых технологий в процесс изучения русского языка.

В последние годы цифровые технологии стали неотъемлемой частью

образовательного процесса. Обучение русскому языку, как и другим дисциплинам, претерпело значительные изменения благодаря внедрению новых технологий. В этой статье мы рассмотрим основные плюсы и минусы использования цифровых технологий в процессе изучения русского языка.

Плюсы цифровых технологий в обучении русскому языку

1. Доступность ресурсов. Цифровые технологии предоставляют учащимся доступ к огромному количеству обучающих материалов. Онлайн-курсы, видеоуроки, интерактивные приложения и электронные учебники делают процесс обучения более гибким и доступным. Учащимся не нужно ограничиваться только учебниками — они могут использовать ресурсы, которые подходят именно им. Например, платформы, такие как «Coursera» и «Udemy», предлагают курсы по рус-



скому языку с возможностью изучать их в любое время и в любом месте. Электронные учебники в формате PDF или в специальных приложениях позволяют учащимся легко находить нужные разделы и использовать дополнительные материалы в сразу же доступном виде. Каналы, посвященные изучению русского языка, предлагают объяснения грамматики, лексики и произношения, делая изучение языка доступным для всех;

2. Интерактивность. Использование мультимедийных материалов и интерактивных платформ делает изучение языка более увлекательным. Игры, квизы и интерактивные задания могут значительно повысить мотивацию и вовлеченность учащихся, превращая обучение в увлекательный процесс. Такие мобильные приложения как Duolingo или Babbel, предлагают игровые форматы для изучения новых слов и фраз, делая процесс увлекательным и мотивирующим. Платформы, такие как Kahoot! позволяют проводить викторины на русском языке, что способствует активному запоминанию и повторению пройденного материала. Использование образовательных игр, где учащиеся взаимодействуют через персонажей, помогает развивать навыки разговорной речи в увлекательной форме;

3. Индивидуальный подход. Цифровые технологии позволяют организовать индивидуальное обучение, учитывающее особенности каждого учащегося. Приложения и платформы могут адаптироваться под уровень

знаний пользователя, предлагая задания, соответствующие его прогрессу. Например, программы, такие как Lingoda, предлагают курсы, которые подстраиваются под уровень знаний учащегося, предоставляя задания, соответствующие его реальным потребностям. Некоторые онлайн-ресурсы анализируют успехи учащихся и предлагают задания, основываясь на их слабых местах, что позволяет учащемуся двигаться в собственном темпе. Учащиеся могут выбрать репетитора, который разработает индивидуальную программу обучения в зависимости от их целей и предпочтений;

4. Коммуникация и сотрудничество. Благодаря интернету учащиеся могут общаться с носителями языка и друг с другом, что способствует практическому применению знаний. Виртуальные группы и форумы позволяют учащимся делиться опытом и получать обратную связь от преподавателей и сверстников. Платформы, такие как Tandem, позволяют учащимся общаться с носителями языка через чаты или видеозвонки, что способствует практическому применению знаний. Сайты, такие как Reddit или специализированные обучающие форумы, предоставляют возможность обсуждать вопросы, связанные с русским языком, и получать поддержку от единомышленников. Использование платформ для совместной работы, таких как Google Docs, дает возможность учащимся совместно создавать проекты и презентации на русском языке, развивая навыки командной работы и коммуникации;



5. Аналитика и мониторинг прогресса. Многие образовательные платформы предлагают инструменты для отслеживания успеваемости. Ученики и преподаватели могут видеть прогресс в обучении и выявлять слабые места, что позволяет своевременно корректировать образовательный процесс. Платформы, такие как Quizlet, предлагают тесты, которые показывают прогресс учащегося и области, требующие улучшения. Некоторые образовательные приложения предоставляют графическую визуализацию прогресса учащегося, что помогает видеть достижения и корректировать план обучения. Онлайн-классы позволяют преподавателям получать детализированные отчеты о результатах каждого, помогая им лучше поддерживать учащихся в учебном процессе.

Минусы цифровых технологий в обучении русскому языку

1. Снижение личного общения. Одним из важных аспектов изучения языка является общение с преподавателем и сверстниками. Частое использование цифровых технологий может привести к снижению межличностного взаимодействия, что негативно сказаться на развитии коммуникативных навыков.

2. Проблемы с концентрацией. Использование цифровых устройств может отвлекать учащихся. Сообщения в мессенджерах, социальные сети и другие уведомления могут мешать сосредоточиться на обучении и снизить его эффективность.

3. Технические проблемы. Не у всех учащихся есть доступ к надежным

устройствам и интернету. Технические сбои могут создать трудности в обучении и создать неравные условия для учащихся с разными ресурсами.

4. Поверхностное понимание. Многие учащиеся могут полагаться на технологии и не прилагать достаточных усилий для глубокого понимания языка. Автоматизированные переводы и подсказки могут привести к тому, что учащиеся не будут углубляться в грамматику и лексику, полагаясь на технологии.

5. Критическое мышление. Цифровые технологии могут не всегда развивать критическое мышление. Учащиеся могут меньшую роль отводить осмыслению информации, что может негативно сказаться на их способности анализировать и интерпретировать текст.

Подводя итог, хочу сделать вывод: цифровые технологии открывают новые перспективы для обучения русскому языку, предлагая множественные преимущества и новые возможности. Однако также важно учитывать и риски, связанные с чрезмерной зависимостью от технологий. Для достижения наилучших результатов важно использовать цифровые инструменты в сочетании с традиционными методами обучения, создавая гармоничный и эффективный процесс.

Список литературы:

